

*Құралай БАЙЗАҚОВА,
Тарих ғылымдарының докторы,
Әль-Фараби атындағы ҚазҰУ
профессоры*

**СУЫРЫП-САЛМА АҚЫН ИСА
БАЙЗАҚОВ**

(110 жылдық мерейтойына)

Иса Байзақов — қазақ ұлттық мәдениеттінің аса әйгілі қайраткерлерінің бірі: суырып салма ақын, театр қайраткері, композитор.

Иса Байзақов 1900 жылы 3 қазанда Павлодар облысының Байғожа ауылында (қазіргі И.Байзақов

атындағы совхоз) туған.



Иса көп балалы отбасында дүниеге келген. Көшпелі қазақтардың өмір салтына сай домбырада шыр ойнап өлеңдер шығара бастап бала кезінен көзге түсе бастады. Жас Исаның өлеңдері тіл өткірлігімен, өзінділігімен

ерекшеленді. 13-14 жасынан бастап бүкіл аймақты аралап атақты ақын болды. Бірақ 1916 жылы Николай II Ортаазиялық тұрғындардың барлығын тыл жұмыстарына жұмылдыру бұйрығы шықты.

Қызылағаш болысының атқарушы басшысы байдың баласын құтқарып қалу үшін қарапайым жұмысшының баласы он алты жасар Иса Байзақовты Кузбассқа көмір өндіруге жөнелтеді. Сол ауыр азаптағы жылдары жас ақын үшін тегін өткен жоқ. Ол білімді болудың маңызын түсініп құштарлықпен оқып, орыс тілін үйреніп орыс әдебиетімен танысты. Ал революциядан кейін туған ауылына

оралып, ауылдастарына өзінің білгенімен бөлісуге тырысты.

Ауылдың жаңаруының бел ортасында Иса болды. Ол өзі де оқып, басқаларды да оқытты. Иса Байзақов ұстазы Шамсутдинов Вагиз Гавереевичпен бірге бірінші домбыра оркестрін ұйымдастырады. Тасқұдық ауылында ашық аспан астында бірінші концерттері табысты өтті. Сонымен қатар, Иса мектептің ішінде көркем өнерпаздар үйірмесін ұйымдастырып, өзі «Болыс» пьесасын жазып, әрі режиссер, әрі артист болды. Қойылым Қызылжар ауылында өтті.

Қазіргі таңда Қазақстан жүздеген, мыңдаған көркем өнерпаздар

үйірмелері бар, олар ешкімді таң қалдырмайды, ал сол кезде өткен ғасырдың 20-шы жылдары Иса Байзақовтың бұл қойылымы ерлік ретінде көрінді.

Осылай туған жерінде жас ақынның шығармашылық шабыты шарықтады. Ол әрбір ауылда аса сыйлы қонақ саналды. Иса көбінесе ауылдастарының алдында өзінің суырып салма өлеңдерін паш етіп, айтыстарға қатысып отырды. Өзінің өлеңдерінде ол жас мемлекетті, оның құрылуын суреттеп өз бойындағы талантын бар дауысымен жұртшылыққа танытқысы келді.

Исаның бойындағы жарқын әрі

өзіндік дарындылығы тек ауыл, аудан шеңберімен шектеле алмады. Оның атағы Павлодар облысынан тыс аймақтарға таралды. Бірақ ол мемлекетке оқыған, дайындығы бар кадрлардың керек екенін түсінді. Сондықтан Иса Оренбург қаласындағы Қазақ халықтық білім беру институтына түседі.

1925 жылы студент кезінде Иса Байзақов атақты Қоянды жәрмеңкесіне қатысады. Ол үгітшілік бөлімде жұмыс атқарып Н.И.Ановпен және екі мәскеулік студентпен бірге «Жәрмеңке хабаршысын» шығарады. Газет орыс тілінде шықты, бірақ та Қояндыға Қазақстанның түкпір-түкпіріне 20

мыңнан астам қазақтар қоныс аударған. Сондықтан орыс тіліндегі газетке мұқтаждық болмады. Коммерциялық тиімді өнеркәсіп идеологиялық жағынан ешнәрсе өтей алмады. Міне, осы кезде агитациялық бөлім, әсіресе Иса Байзақов көмекке келді. «Жәрмеңке хабаршысы» газетін қазақ тіліне аударып, ал Иса Байзақовқа домбырамен тыңдаушылардың алдында өнер көрсетуге шешім қабылданды. Осылай үгітшілік машинаның үстінде тұрған атақты күрескер Қажымұқанның жанында Иса өзінің домбырасын алып барлық жиналғандарға мемлекет және шетелде болған оқиғалар мен

жаңалықтарды өлеңмен айтып берді.

Осылай жәрмеңке газетінің шығарылуы жандана басталды. Ақын Қоянды жәрмеңкесінің маңызын нақты рифмаға салып баяндады. Одан кейін оның өлеңдері халықаралық жеделхаттарға айналды. Оның тыңдаушылар алдында паш еткен шешендік өнері мен шабыты ескерусіз қалмады.

1926 жылы Халық ағартушылығы Иса Байзақовты сол кездегі астана Қызылордаға шақырды. Оған Әміре Қаушаубаев, Серке Қожамқұлов, Қалыбек Қуанышбаевпен және басқа әртістермен бірге Қазақ Мемлекеттік театрды басқару тапсырылды. Актер

Иса Байзақовтың есімі бүкіл Қазақстанға әйгілі болды.

Бірақ Иса осы жетістігімен тоқталмай, өзін композитор ретінде көруге ұмтылады. Оның «Желдірме» шығармасы қазақ халқының еңбек рахаты туралы қуанышты өмірлік өлең.

Халықтық ақындық және аспаптық шығармашылығының шеңберінде үлкен эрудицияға ие бола отырып, Иса Байзақов бірінші музыкалық спектаклдерді ұйымдастыруларға қатысты. Ол туралы атақты өнертану докторы, қазақ өлеңдерін жинаушы Борис Григорьевич Ерзакович былай дейді: «Оның өлеңдері, поэтикалық және аспаптық суырып салмалығы

бүгінгі күнде де халық арасында сақталған. Көптеген әндерін қазақ композиторлары операларда қолданды. «Гәкку» атты әні кейінірек өзгертусіз «Қыз Жібек» операсына енгізіліп бүкіл әлемге белгілі болды...»

Қазіргі таңда көптеген әншілер «Назқоңыр» әнін халықтікі деп орындап жүр, бірақ шындығында бұл әнді Иса Байзақов жазған. Бұл ән Әміре Қашаубаевтың сұрауымен және ақынның жұбайы Шәрбану Байзақоваға арналып жазылған (қызы М.Байзақованың естелігінен). «Қалқа» әнінің сөздері және басқа да әндер сияқты.

Иса

Байзақов

өзінің

шығармашылығында суырыпсалма өнерін және жазбаша әдебиеттің дәстүрін ұштастыра отырып, қаламды да, домбыраны бірдей қолданды.

Иса Байзақовтың шығармалары көпшілікке бұрыннан белгілі. Ал «Құралай сұлу», «Ақбөпе», «Кавказ», «Он бір күн мен он бір түн», «Қойшының ертегісі» және басқалары өзінің идеялық-көркемдік лайықтылығымен қазақ әдебиетінің алтын қорына енді.

Исаның шығармаларының тақырыптары әртүрлі, бірақ ол әрбірінде шынайы отан сүйгіштігімен өзінің тамаша кейіпкерлерінің образын, олардың уайымын,

махаббатын жырлады. Ол олардың өмірін және табиғатты көркем суреттеді, сол суреттеулерге қарап қазіргі ұрпақ өзінің туған аймағының табиғатын және ата-бабаларының өміріндегі оқиғаларды, тұрмыстарын тани алады.

Иса Байзақовтың өмірі мен шығармалары туралы көп жазылмаған және өкінішке орай оның шығармаларын көп уақыт қайта басылмаған. Бірақ бұған қарамай, Иса Байзақов суырып салма ақын, музыкант, әртіс қазақ мәдениетінің, әдебиетінің тарихына ауызша поэзиядан жазбаша жол ашқан бірінші ақын ретінде кірді.

Иса Байзақов 1946 жылы 3 қыркүйекте ұзақ аурудан кейін дүниеден өтті. Ол өте қысқа, бірақ шығармашылық қанықты, жемісті өмір сүрді.

Қазақ музыкалық театрдың бірінші режиссері әрі негізін қалаушы Қанабек Байсейітовтың сөзімен айтқанда, «Ол жердегі ақын болмай, сиқырлы ертегіден болғандай еді...».